

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ ҰСТАНЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

Ғ. С. ҚАМБАРОВА*

К. А. КАЛДЫБАЕВА***

Б. Д. ЖҰМАҚАЕВА*****

Түйіндеме: Бұл мақалада XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ прозасындағы авторлық ұстанымның ерекшеліктері қарастырылады. Оның ішінде мәтіндегі автор ұстанымын композициялық құралдар арқылы жеткізу мәселесіне баса назар аударылады. Зерттеу барысында аталған кезеңдегі қазақ прозасындағы авторлық ұстанымның қалыптасуына тарихи және әлеуметтік контексті терең түсіну, ұлттық рухтың оянуы, рухани құндылықтарды сақтау және әлеуметтік әділеттілік мәселелерін көтеру сияқты түрлі факторлардың әсері талданады. Мақалада авторлық ұстанымның көркем мәтіндердің мазмұнына енуі, оның айқындылығы және әдебиеттегі эстетикалық рөлі мен ықпалы қарастырылады. Нақты мысалдар арқылы авторлық ұстанымды білдірудің әртүрлі формалары мен стратегиялары талданып, олардың қазақ прозасының эстетикалық құндылығын арттырудағы маңызы көрсетіледі. Сонымен қатар, зерттеуде авторлық ұстанымның маңыздылығы мен оның әдеби талдау үдерісіндегі рөлін айқындауда отандық және шетелдік әдебиеттанушылардың теориялық көзқарастары мен зерттеулері қарастырылады. Авторлар осы зерттеу арқылы қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшеліктері мен құндылықтарын ашуды мақсат етеді. Қазақ прозасындағы авторлық ұстанымды жеткізу әдістері мен формаларын талдау ұлттық әдебиеттің тереңдігі мен көркемдік деңгейін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу қазақ әдебиетінің эстетикалық құндылықтарын тереңірек тануға және оның ұлттық идеалдар мен құндылықтарды насихаттаудағы рөлін анықтауға бағытталған.

Тірек Сөздер: *Авторлық Ұстаным, 1960-1980 Жылдардағы Қазақ Прозасы, Көркемдік Құралдар, Композициялық Құралдар, Ұлттық Әдебиет, Әдебиет Теориясы.*

Authorial Stance in Kazakh Prose and Its Compositional Tools

Abstract: This article examines the distinctive features of authorial stance in Kazakh prose from the 1960s to the 1980s, focusing on the methods and techniques employed to convey it through artistic means. The research explores how the authorial stance in Kazakh prose during this period was shaped by various aspects such as a deep understanding of historical and social contexts, the awakening of national spirit, the preservation of spiritual values, and the addressing of social justice issues. The study considers how the authorial stance penetrates the content of literary texts, its visibility, and its overall aesthetic role and impact in literature. Through specific examples, the paper analyzes various forms for expressing the authorial stance, highlighting their significance in enhancing the aesthetic value of Kazakh prose. Additionally, the study examines theoretical perspectives and research by domestic and foreign literary critics on the importance of authorial stance. The authors aim to reveal the national characteristics and values of Kazakh literature through this research. Analyzing the methods of conveying authorial stance provides an opportunity to understand the artistic level of national literature. This research is directed towards a deeper understanding of the aesthetic values of Kazakh literature and its role in promoting national values.

Key Words: *Authorial Stance, Kazakh Prose (1960s-1980s), Artistic Methods, Compositional Tools, National Literature, Literary Theory*

Кіріспе

Мәтіндегі авторлық ұстанымның маңызды эстетикалық қызметі – көркем шындықтағы оқиғаларға, шешімдерге авторлық бағалау, пайымдау тұрғысынан мән беру. Авторлық ұстаным көркем

туындыдағы автордың жеке басын білдіретін және авторға өз дауысының ерекшелігін жеткізуге мүмкіндік беретін жазбаша дискурстың тілдік ерекшеліктерінің динамикалық жиынтығы ретінде түсіндіріледі (Mhilli, 2023: 10). Осылайша, мәтіндегі

* Педагогика ғылымдарының магистрі, «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі» мамандығының докторанты, Сүлеймен Демирел университеті, 222301001@stu.sdu.edu.kz

*** ҚРСО мүшесі, қауым. профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, gulmariakaldybaeva@gmail.com.

***** Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Сүлеймен Демирел университеті. (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: bereke.zhumakayeva@sdu.edu.kz)

авторлық ұстанымды анықтау, ең алдымен, дискурста қолданылатын лингвистикалық құралдарға байланысты жүзеге асады.

Қазақ прозасын композициялық тұрғыдан талдай отырып, біздің зерттеуіміздің маңызды аспектісі автордың көркем мәтін шеңберінде өз ұстанымын қаншалықты тиімді жүзеге асыра алатындығын зерттеу болып табылады. Қазақ әдебиеттанушысы Т. Есембек өз зерттеулерінде автордың дүниетанымы, ойлары, идеялары олардың әдеби шығармашылығында қалай көрініс табатынын түсінудің маңыздылығын атап өтеді (Есембеков, 2012: 88). Автор ұстанымын айқындау арқылы ол қандай құндылықтарды насихаттайды, қандай мәселелерге назар аударады, қандай философиялық немесе әлеуметтік көзқарастарды ұстанатынын біле аламыз. Яғни, автор ұстанымын бақылау әдеби туындының мағынасын тереңірек түсінуге, автордың мақсаттары мен ойларын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсіл әдебиеттанушыларға шығарманың танымдық потенциалын бағалауға және оның қоғамдағы рөлі мен ықпалын анықтауға көмектеседі.

Автор ұстанымын көркем шығармадан бөлек қарастыруға болмайды. Себебі, “көркем туындының композициясы, сюжеті, оқиғадағы конфликт-тартыстары, кейіпкерлер әлемі, пейзаждық суреттеулері белгілі бір авторлық позициядан туып тұр. ... Тіпті, көркем шығарманың өзі автордың идеялық - эстетикалық позициясынан туындайды” (Оразбек, 2007: 15). Г. Абылқасымова да өзінің ғылыми мақаласында авторлық баяндауды автор ұстанымын білдірудің маңызды құралы ретінде айқындайды. Мақалада шығарманың баяндау құрылымы автордың көзқарасы мен ойларын қалай бейнелейтіні қарастырылады (Абылқасымова, 2024: 24).

Шетелдік зерттеушілерден Роберт Маккейли ғылыми тұжырымдары бойынша, автордың жеке тәжірибесі мен тарихи-мәдени контексті шығарманың негізгі элементтерін қалыптастырады, бұл кейіпкерлердің дамуы, сюжет дизайны және әңгімелеу стилі сияқты аспектілерге ықпал етеді. Джордж Ланнинг авторлық ұстанымды мәтіннің негізгі аспектілерінің бірі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, автордың ниеті мен көзқарасы мәтіндегі конфликтерді, кейіпкерлердің әрекеттерін және жалпы сюжет дамуын айқындайды. Роберт Келлог авторлық ниет пен авторлық құралдардың мәтіндегі көрінісін зерттейді. Оның пікірінше, авторлық ұстанымды ашып көрсету үшін қолданылатын әдеби құралдар, мысалы, пейзаждық суреттеулер, диалогтар және символика автордың көзқарасын оқырманға жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Сонымен, автордың дүниетанымы, көзқарасы, эстетикалық талғамы шығарманың құрылымын, мазмұнын, көркемдік бейнесін қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Әрбір деталь мен кейіпкерді бейнелеу автордың ниеті мен ұстанымын көрсетеді. Қолданылған көркемдік құралдарды талдай отырып, мәтін ішінде автордың автордың мәтіндегі өз дауысын күшейтетін немесе жасыратын маңызды бөлшектерін ашуға, анықтауға болады.

Қазақ прозасындағы автор ұстанымының көрінісі мен формалары бір ғасырдан астам уақыт аралығында тарихи, мәдени және моральдық мазмұнда айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Әр дәуірдің саяси, әлеуметтік және мәдени жағдайлары қазақ әдебиетіне әсер етіп, жазушылардың шығармаларында авторлық ұстанымның әр түрлі дәрежеде көрінуіне себеп болды. XX ғасырдың 60-80 жылдарында қазақ сөз өнерінде ерекше рухани-эстетикалық серпіліс орын алды. 1960-1980 жылдардағы қазақ әдебиеті «жабық есік саясатының» біртіндеп ыдырап, замана тауқыметін, әлеуметтік түйткілдерді терең талдауға, қоғамдық мәселелерді батыл айтуға бейім жаңа толқын қаламгерлерімен ерекшеленді. Тақырыптық - идеялық тұрғыдан қазақ прозасы қоғамның адамгершілік-рухани бейнесін шынайы көрсетуге тырысқан соны тақырыптағы шығармалармен толысты. Осы уақыт аралығында қазақ прозасында тың, жаңа тақырыптар мен стильдер дами бастады. Қазақ жазушылары әртүрлі әлеуметтік және ұлттық мәселелерге, жаңғыруға деген ұмтылысқа, мәдени және тарихи түйткілдердің жаңаша аспектіде

ашылуына бетбұрыс жасады. Осы кезеңде әдебиет сахнасында жарқ еткендер қатарында Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Төлен Әбдіков, Оралхан Бөкей, Дулат Исабеков, Дүкенбай Досжан, Асқар Сүлейменов, Тынымбай Нұрмағанбетов, Қабдеш Жұмаділов, Марат Қабанбай сынды тағы да басқа қылқалам иелері бар. Аталған тұлғалар қазақ сөз өнерінің идеялық-көркемдік тұрғысынан байи түсуіне, жалпы қазақ прозасының деңгейін көтеруге елеулі үлесін қосты.

Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы (1981 жыл) тарихи тақырыпты заманауи тұрғыдан қайта қарап, қазақ халқының мәдениеті мен тарихын терең түсінуге мүмкіндік берді. Бұл роман автордың тарихи шындық пен көркемдік қиялды ұштастыра отырып, ұлттық рухты көтеруді мақсат еткенін көрсетеді. Жалпы, Ә. Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» тарихи романдары – тек тарихи шежіре емес, бүгінгі қоғам үрдісімен, ұлт мүддесімен астасып, бостандық рухы мен өркениеттің өшпес құндылықтарына ұмтылатын мінез тәрбиелерлік қуатты шығармалар (Касымова, Татыранова, 2019: 24).

Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнар» романы (1972 жыл) кеңестік кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік және саяси мәселелерін батыл түрде талдап, қазақ халқының рухани-мәдени өміріне терең үңілуді көздейді. Автор шығармаларында ұлттық сана мен тәуелсіздікке деген ұмтылыс айқын көрініс табады. Мағауиннің батыл ұстанымы мен шынайы бейнелері оқырманға терең әсер етіп, ұлттық сана мен рухани байлықтың маңыздылығын ұғындырады. Нұрғали Махан М.Мағауиннің шығармаларында негізгі авторлық идея отаршылдық пен отарлау саясатына қарсы күрес екеніне назар аударады. Оның пікірінше, М.Мағауиннің әдеби шығармалары мен ғылыми еңбектерін тұтас бір туынды ретінде алар болсақ, сыртқы отаршыл күштерге қарсы соғылған «Ұлы Қазақ қорғаны» пайда болған болар еді (Махан, 2024: 2).

Осы кезеңде әдебиетке келген жаңа толқын қаламгерлерінің шығармалары қазақ прозасының тақырыптық және стильдік аясын кеңейтіп, оның идеялық-көркемдік деңгейін көтеруге елеулі үлес қосты. XX ғасырдың 60-80 жылдарында-ақ қаламгерлер халық қасіретін терең түсініп, тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты өзіндік ой-пікірі мен ұстанымын шығармада ұсыну, білдіру тұрғысынан дамыды. Заман талап еткен «социалистік реализмді» әспеттеу, үгіттеу ұстанымына қарамастан, ұлтқа, ел мен жерге деген шынайы сезімдер тұрғысынан өздерінің авторлық ұстанымдарын анық жеткізуге тырысты. Соның негізінде елім деген ерлердің қажырлы еңбегі, қажыр-қайраты, жалпы ұлт тарихы мен ел басына түскен трагедия – халықтың рухани азғыруы, «мәңгірттенуі», түп-тамырынан ажырауы сынды ауыр тақырыптар ірі туындылардың негізіне айналды. Қаламгерлер ұлттық бірегейлікті сақтау, мәңгірттену мәселелерін ашық көтеру арқылы өздерінің азаматтық ұстанымдарын анық білдірді. Төмендегі кестеде (1-кесте) 1960-1980 жылдар аралығындағы қазақ прозасындағы авторлық ұстанымның әртүрлі аспектілерінің дамуы суреттелген.

	Авторлық ұстанымға әсер етуші факторлар	Сипаттамасы
1	Тарихи-әлеуметтік жағдайларды терең түсіну	Идеологиялық шектеулеріне қарамастан, ұлт басынан өткен қасіретті кезеңдерді суреттеу арқылы авторлар тарихи жадыны сақтауға және қоғамдық сананы қалыптастыруға, осылайша ұлттық болмысты таныту мен тарихи шындықты ашуға ықпал етті.
2	Ұлттық рух пен сана-сезімнің қайта оянуы	Осы кезең прозасының негізі ұстанымдарының бірі – ұлттық сана-сезімді сақтау және рухты нығайту, халықтың рухани құндылықтарын, салт-дәстүрін және мәдениетін қорғау және насихаттау.
3	Мәңгірттену және рухани құлдырау мәселелерінің	Қаламгерлер халықтың рухани азғыруы мен мәңгірттенуі мәселелерін айқын көрсетіп, халықтың түп-тамырынан ажырауының қауіптілігін

	айқын көріністері	ескертіп, ұлттық бірегейлікті сақтау қажеттігін баса айтты.
4	Азаттық пен еркіндікке ұмтылу	Авторларалықтың азаттық жолындағы күресін, еркіндікке жету жолындағы қажырлы еңбегін және тәуелсіздікке деген ұмтылысын көрсетіп, оқырмандарға рухани жігер беруінен халықтың азаттық пен еркіндікке деген ұмтылысы байқалды.
5	Әлеуметтік әділеттілік пен теңдікке деген қажеттілік	Қаламгерлер қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктерді, әділетсіздіктерді ашып көрсетіп, әділетті қоғам құру қажеттігін баса айтты.
6	Моральдық және этикалық құндылықтарға деген сұраныс	Қаламгерлер шығармаларында адалдық, әділдік, адамгершілік сияқты қасиеттерді дәріптеп, оқырмандарды моральдық және этикалық құндылықтарды бағалауға және сақтауға шақырды.

Кесте 1: Авторлық ұстанымға әсер етуші факторлар

Көркем мәтіндегі авторлық ұстанымын айқындауда қаламгерлердің әртүрлі композициялық әдістерді қалай қолданатынын зерттеу мәселесі өте өзекті. Себебі көркем мәтіннің композициясы автордың көркем туындыны жазуда ойға алған идеясын, ниетін жүзеге асыруда, негізгі құндылықтары мен ұстанымдарын жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Жалпылай алғанда, авторлық ұстаным шығарманың әртүрлі композициялық қабаттарында, сөз басында да, сөздің соңында да көрінеді. Сюжет құрылымынан бөлек, *шығарманың атауы, авторлық арнау, эпиграф, алғысөз, кіріспе, бөлімдер мен тараулардың атаулары, прозалық мәтінге енгізілген өлең, құжаттар мен эпилог, соңғысөздерде* авторлық ұстаным белгілі бір деңгейде көрініс береді. Бұл элементтер арқылы автор өз ойлары мен көзқарастарын оқырманға жеткізіп, шығарманың негізгі тақырыптары мен идеяларын анықтайды. Мысалы, шығарманың атауы оқырманға тақырыптың негізгі мәнін түсіндіреді, ал эпиграф оқырманды шығарманың мазмұнына дайындайды. Сонымен қатар, авторлық арнау және алғысөз арқылы автор өзінің жеке тәжірибелері мен сезімдерін білдіріп, оқырманмен байланыс орнатады.

Дегенмен де, авторлық ұстанымды көрсетудің қатып қалған шарттары мен ережелері жоқ. Әр автор өз ұстанымын әртүрлі тәсілдермен көрсете алады және бұл тәсілдер шығарманың жалпы құрылымына байланысты өзгеріп отырады. Дегенмен де, өткен ғасырдың 60-80 жылдары қазақ прозасының мәтін құрылымында айқын әрі белсенді байқалатын автор ұстанымын көрсетудің ортақ құралдарын атап өтуге болады.

Әдеби шығармадағы **эпиграф** автордың ұстанымын, ниетін білдіріп, шығарманың жалпы бағытын көрсетуге қызмет етеді. Эпиграф белгілі бір әдеби, тарихи, философиялық немесе поэзиялық шығармалардан алынған дәйексөз болуы мүмкін. Алғашқыда оның мағынасы оқырман үшін түсініксіз болуы мүмкін, бірақ шығарма дамыған сайын оның мәні ашылып, оқырманға негізгі ойды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеушілер Джеймс Х. МакДональд пен Нэнси Поллард Браун эпиграфтың шығарманың мазмұнын айқындап, оқырманның түсінігін бағыттауы маңызды құрал екенін атап өтеді. Олар эпиграфтың мәтінге ерекше атмосфера қосатынын және оқырманға шығарманың идеяларын тереңірек ұғынуға көмектесетінін айтады (Foster, 2019: 74). Қазақ әдебиеттанушы Т. Есембековтің пікірінше, орнымен алынған эпиграфтар - шығарманың идеясын, образдар табиғатын, жазушы стилін айқындау құралы ретінде шығарманы тартымды етіп, автордың ойы мен ұстанымын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді (Есембеков, 2015: 112). Бұл эпиграфтардың әдеби шығарманы қабылдауға және оны жан-жақты ұғынуға тигізетін маңызын көрсетеді.

Оралхан Бөкей – эпиграфты авторлық ұстанымды жеткізуші құрал ретінде жиі қолданған қаламгерлердің бірі. Жазушы өзінің прозалық шығармаларында эпиграф ретінде оқиғаға бір қарағанда тікелей қатысы жоқ мәтіндерді, жазбаларды ұсынады.

Мәтінде тереңірек талдаған оқырманы ғана бұл эпиграфтың мәтінді, авторды, оның көзқарастарын тануда маңызды екенін түсінеді. Оралхан Бөкейдің «Атау-кере» («Қауіпті будан») романында негізгі сюжетке кіріспей – ақ автордың ұстанымы көрінетін екі тұсы бар. Оның бірі – *шығарманың атауы*. Автордың негізгі атауға қосымша «Қауіпті будан» деген қосымша атауы беруі әуелден-ақ оқырманына ой тастайды. Мұндай негізгі атаудың қасына қосымша атауды қосып қою – авторлық ұстанымды білдірудің көп жағдайда еленбей қалатын құралдарының бірі. «Қауіпті» сөзінің өзі қарапайым адам санасында позитивті эмоциялар туындатпайтыны анық. Ал «Атау кере» сөзінің өзі адамның көз жұмар алдындағы соңғы асы болса, бұл суық сөздің қасына одан да суық «қауіпті сөзді» тіркеп қоюы автордың оқиғаға берер бағасын айтқызыбай – ақ ашып тұр.

Екіншіден шығарманың эпиграфында негізгі сюжетке тікелей қатысы жоқ ақпараттың берілуі жайдан-жай авторлық шешім емес. Романға эпиграф ретінде берілген *«Ара жасаған қоғамдық өмірдің деңгейіне жету үшін адам баласының алдында әлі талай ұзақ жол жатыр» (Матерлинк), «Көптен кеткен көмусіз қалар» (Халық нақылынан)* деген екі афоризм шығарманың идеялық өрісіне негіз болған авторлық ұстанымды ашуда көркемдік қызмет атқарып тұр. Шығарманың эпиграфтарында негізгі сюжетке тікелей қатысы жоқ ақпараттың берілуі жайдан-жай авторлық шешім емес. Бұл эпиграфтар шығарманың идеялық өрісіне негіз болған авторлық ұстанымды ашуда көркемдік қызмет атқарады.

Бірінші эпиграф авторлық ұстанымын бірнеше тұрғыдан көрсетеді. Біріншіден, бұл афоризм арқылы автор адамзат қоғамын аралардың өмірімен салыстыра отырып, адамзаттың ұйымдасушылық деңгейін көрсетуге тырысады. Сол арқылы автор адамның қоғамдағы ролін, оның даму қажеттілігін және қоғамдағы тәртіп пен ұйымшылдықтың маңыздылығын көрсетеді. Екінші нақыл сөз арқылы автор жеке адамның қоғамнан алшақ кетуі немесе қоғамның назарынан тыс қалуы оның елеусіз, ұмыт қалған жағдайға түсуіне алып келетінін білдіреді. Осы арқылы автор жеке тұлғаның қоғамдағы орны мен маңыздылығын, оның қоғаммен тығыз байланысының қажеттілігін ашып көрсетеді. Осы екі эпиграф арқылы автор адамзаттың әлеуметтік, моральдық және ұйымшылдық деңгейде даму қажеттілігін, сондай-ақ жеке тұлғаның қоғаммен тығыз байланыста болуының маңыздылығын көрсете отырып, шығарманың идеялық мазмұнын тереңдетеді.

Көркем шығарманың көріктеуде жұмсалатын тағы бір көркемдік амал – *қайталаулар*. Қайталау – қазақ прозасында жиі қолданылатын әдіс. Қайталанатын мотивтер, ойлар немесе сөздер арқылы автор оқырманның назарын аударады, шығарманың эмоционалды әсерін еселей түседі, кейіпкерлердің немесе автордың ішкі қақтығыстарын, үміттері мен күрестерін күшейтеді (Woods, 2024). Яғни, қайталауларды автордың оқырманына бір ойды жеткізу талпынысы деп пайымдауға болады.

Төлен Әбдіков "Әке" повесінде екі ұрпақтың, әке мен баланың ішкі сезімдерін, ойларын, қайшылықтарын қайталаулар арқылы тереңірек ашып көрсетеді. Шығарманың өн бойында жиі қайталанатын *“өкініш”* ұғымы шығарманың маңызды компоненті ретінде көрінеді және автордың негізгі ұстанымдарын жеткізуде басты рөл атқарады. Автор өкініш сезіміне оқырман назарын аударта отырып, кейіпкердің жан дүниесіндегі күрделі өзгерістерді, ішкі толғаныстарды және өмірлік маңызды сәттерді түсіндіреді.

Повестегі *“өкініштің”* өз даму динамикасы бар. Повест басталғаннан бастап, соңғы нүктесіне дейін шешу сәттердің бәрінде қатар жүріп отырады. *“Енді бәрі кеш секілді... Көңілімде екі-ақ сезім - үрей мен өкініш”* деген сөздерден басталатын повестің бұл жолдары бір ғана Сайлаудың емес, оның әкесі Сейсен мен атасының өмірінде орын алған қайшылықтар мен сынақтардан туындаған өкінішін көрсетіп тұрған секілді. Автор үшін өмірдің өткіншілігі қорқынышты емес, бұл шындыққа кейіпкері Сайлау шығарманың соңына дейін мойысұнғысы келмесе де, автор өз ұстанымын оқиғаға

басында-ақ салып қойған: *“Құдайдың бұйрығына не шара. ...Құдай өзі берген жанын өзі алады, не істейсің оған.”* Автор үшін өкінішті нәрсе басқада. Ол ауыл-аймақтағы ең ұрпақты әулеттің тағдыр тауқыметінен біржола жоғалып бара жатқанына, ұрпақтар сабақтастығының үзілуге шақ тұрғанына уайымдайды. Жоғарыда ойын мына сөйлемдерден жалғайды автор: *“Бірақ менің жаным бататыны - Қапсаттардың артында тұяқ қалмады”*.

Повестегі ең терең өкініш – ұрпақтар сабақтастығының, ата ұрпағының жоғалғалы тұрғаны. Автор бұл өкінішті Қапсаттардың артында тұяқ қалмағанына ерекше назар аударту арқылы көрсетеді. Төлен Әбдіковтің “Әке” повесінде кейіпкердің ішкі сезімдерінен туындаған ой толғамдарынан автордың үні анық естіледі. Әсіресе, *“Өміріңде не ата-анаға, не дос-жаранға көңілдегі жақсылығыңды жасай алмай, бүкіл уақытыңды өткізіп алу қандай өкінішті”* деген кейіпкер пайымы арқылы оқырманына отбасылық құндылықтардың, уақыттың қадірін білудің және өкініштің ауыртпалығын түсінудің маңыздылығын жеткізеді.

Автор тек сезімдермен шектелмей, сол өкініштің алдын алу үшін әрекет жасауға насихаттайды. Әсіресе, ата-анамен қарым-қатынас, оларға көңіл бөлу және мейірімділік көрсету қажеттігін ерекше атап өтеді. Сайлаудың өкініші тек жеке басына ғана емес, жалпы адамзаттық мәселелерге қатысты болып, бұл өкініштің адамның өміріне қандай терең із қалдыратынын көрсетеді. Әкесінің о дүниеге аттанып кеткен сәтінде кейіпкер сезімдері өзінің шарықтау шегіне жеткендей көрінеді. *“...осы кезде көкірегімде жүрген барлық өкініш, қайғы уыты кеудеме шауып, бүкіл тірлігімнің құдайы - әкемнен мәңгі бақи айырылғанымды түсініп, еңіреп жылаған күйімде шымылдыққа ұмтылдым”*, - деген сөздер кейіпкердің әкесінен айырылған сәттегі ішкі жан дүниесінің күйзелісін, қайғысын және өкінішін көрсетеді. Әке мен бала арасындағы байланыс автор үшін ерекше маңызды. Бұл байланыс тек қана отбасылық міндеттер мен жауапкершіліктерді ғана емес, сонымен бірге сүйіспеншілік, құрмет және жанашырлық сезімдерін де қамтиды. Автор жақын жандарға дер кезінде қамқорлық көрсету маңызды екенін, оны кешіктіру өкініш пен жан жарасына әкелетінін айтады.

Д. Исабеков шығармашылығында да бұл амал тысқары қалмаған. Мысалы, *«Мен қызыма пәлен деп қолқа сала алмаймын. Барлық билік өзінде. Қалау соныкі. Көнбегенде елің жаман, жұртың жаман, я болмаса ұлың жаман деп көнбей отырған жоқпын»* деген сөз орамдарында қызының жай-күйі туралы ойын білдірген әкесі «жаман» сын есімін елмен, жұртпен, ұлмен байланыстыра жеткізеді. Сол арқылы ішкі ренішін де білдіргендей болады. Бұл сын есім арқылы автор кейіпкердің жан дүниесіндегі қақтығыстарды ашып көрсетеді. Сонымен қатар, “жаман” сөзінің қайталануы арқылы қоғамның және отбасының моральдық күйін бейнелеп, кейіпкердің ішкі әлемін тереңірек түсіну үшін қолданылатын нақты тілдік құрал ретінде көрінеді (Аккузова, 2020: 37).

Сонымен қатар жазушы сілтеу есімдігі болып табылатын «сол» бірлігі арқылы ауылдың тұрмыс-тіршілігін, халқының қал-жағдайын, мұң-мұқтажын оқырманға жеткізген. *«Ертесіне де ойламады, өйткені ойланатындай ештеңе де өзгермеді: сол ауыл, сол адамдар, сол үй, сол жүн, сол тіршілік, сол күлкі, сол мұң»*. Автор қайталанып тұрған сөзге ауыл, адамдар, үй, жүн, тіршілік, күлкі, мұң сөздерін тіркеу арқылы оларға ерекше екпін түсіруді көздеген. Осы арқылы Исабеков ауылдың тұрмыс-тіршілігіндегі проблемаларды және қоғамдағы өзгерістердің болмауын анық түрде білдіреді. Бұл тәсілдер авторлық ұстанымды ашудың тиімді құралдары болып табылады. Сын есімдер мен сілтеу есімдіктерінің қайталануы арқылы автор кейіпкерлердің сезімдері мен қоғамдағы жағдайды бейнелейді. Сонымен қатар, бұл әдістер оқырманға мәтіндегі негізгі идеялар мен авторлық ұстанымды түсінуге көмектеседі. Автордың мұндай тілдік құралдарды шебер қолдануы шығарманың көркемдік құндылығын арттырады және оқиғаның эмоционалды әсерін күшейтеді.

Көркем шығарманың соңындағы **риторикалық сұрақ** - бұл әдеби тәсіл ретінде мәтіннің эмоциялық әсерін күшейту және оқырманның назарын белгілі бір ойға немесе мәселеге аудару үшін қолданылады. Риторикалық сұрақ оқырманнан нақты жауапты қажет етпейд. Себебі оның басты мақсаты - оқырманды ойландырып, автор көтерген тақырыпты түсінуге немесе ойлауға жетелеу. Бұл тәсіл мәтіндегі автор ұстанымын тікелей баяндаусыз, бірақ анық әрі нанымды жеткізуіне мүмкіндік береді.

Шерхан Мұртазаның айтар идеясы айқын әрі авторлық ұстанымы ашық тұрған туындыларының бірі – «Интернат наны» әңгімесі. Сөз соңында мәтіндегі автор оқырманына мынадай риторикалық сұрақ қалдырады: «Жиі-жиі ойға қалам: іргесін боз өзен жалап жататын интернат болмағанда, интернаттың бір тілім қара наны болмағанда, біз осы дәрежеге жетер ме едік? Кім біледі...». Шерхан Мұртаза интернаттағы бір тілім қара нанды ерекше мәнмен бейнелейді, оны «нұрға», «қазынаға» балайды. Бұл **символдық бейнелер** арқылы оқырманға сол кезеңнің қиындықтарын, адамдардың қарапайым нәрселерге деген құрметі мен алғысын түсіндіреді. Автор өзіндік тіл құдіреті арқылы қарапайым нәрселердің үлкен мән-мағынаға ие екенін көрсетіп, сөз қазынасын кеңінен пайдаланып, шығарманың жанрлық сипатын даралай түсті. Осылайша, «Интернат наны» әңгімесі арқылы автор адам өміріндегі қарапайым нәрселердің құндылығын, өткенді еске алу мен оны бағалаудың маңыздылығын айқын көрсетеді. Ш. Мұртазаның риторикалық сұрақпен аяқтау таңдауы оған өз ұстанымын нәзік, бірақ әсерлі түрде білдіруге мүмкіндік береді, оқырманға тікелей мәлімдеме жасамай-ақ терең әсер қалдырады.

Т. Әбдіковтің «Әке» әңгімесінің соңында басты кейіпкер өз өзіне қойған риторикалық сұрақтар арқылы әкесінің туған жерінде өмірден озуды қалағанын түсініп, бұл сезімнің қаншалықты терең екенін ұғынады. Бұл оқырманды «неге адамдар өмірінің соңында туған жеріне оралғысы келеді?» деген сұраққа ойлануға итермелейді. «Тағы бір нәрсе үшін» деген сөз тіркесі әңгіменің мағынасын тереңдетіп, қазақ халқының дүниетанымын айшықтайды. Т. Әбдіков оқырманды осы тақырыптар туралы ойлануға шақырады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, мәтіндегі авторлық ұстанымның негізгі көрсеткіштерінің бірі – композициялық құралдардың маңызын айқындадық. Автор ұстанымын анықтауда қолданылатын композициялық тәсілдер әдеби туындының күрделілігі мен байлығын, әр қаламгердің өзіндік ерекшелігін көрсете отырып, осы кезеңдегі прозаны тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада біз 1960-1980 жылдар аралығында қазақ прозасының авторлары қолданған негізгі композициялық құралдардың бірнешеуін атап көрсеттік. Мәтіндегі эпиграф, мотивтердің қайталануы, риторикалық сұрақтар сияқты элементтерді талдау автор ұстанымын түсіну үшін өте маңызды, өйткені олар автордың дүниетанымын, құндылықтары мен көзқарастарын қалай жеткізетінін көрсетеді. Осы бағыттағы әдеби талдау автор мен оқырман арасындағы диалогты тереңдетеді, автордың ұстанымын нақтылап қана қоймайды, сонымен қатар мәтіннің эмоционалды және интеллектуалдық әсерін күшейтеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Mhilli, O. (2023). Authorial voice in writing: A literature review. *Social Sciences & Humanities Open*, 8(1), 2590-2911. <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2023.100550>
- Есембеков, Т. У. (2012). *Көркем мәтін поэтикасы: Оқу құралы*. Қазақ университеті.
- Оразбек, М. С. (2007). *Көркем прозадағы шығармашылық тұлға мен авторлық позицияның арақатынасы (1980–2000 жылдар әдебиеті бойынша)* (Докторлық диссертацияның авторефераты). Алматы.

- Абылкасимова, Г. А. (2024). Олжас Сүлейменов поэзиясындағы нарративтік идея. *Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филологиялық серия*, 2024(1), 24-б.
- Касимова, А. Т., & Татыранова, Ж. Ә. (2019). «Аңыздың ақыры» – кемел ойлы көркем сөзді шежіре: Библиографиялық көрсеткіш. М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті – Кітапханалық-ақпараттық орталық.
- Махан, Н. (2024, 5 шілде). Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнары» хақында. *Abai.kz*. <https://abai.kz/post/181084> сайтынан алынды.
- Foster, R. F. (2019). *Epigraphs and Poems from the Leaves of Southwell*. Oxford University Press.
- Есембеков, Т. У. (2015). *Көркем мәтін теориясы: Оқу құралы*. Қазақ университеті.
- Woods, G. (2024, 6 шілде). On repetition as a powerful literary tool. *LitHub*. <https://lithub.com/on-repetition-as-a-powerful-literary-tool> сайтынан алынды.
- Аккузова, А. А. (2020). *Антропоөзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті (Д. Исабеков шығармаларының негізінде)*. (Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация).